

СӨЖ-1

Айырбас шарты бойынша
міндеттемені орындамағаны және
тиісінше орындамағаны үшін
азамматтық-құқықтық жауапкершілік

Орындаған: Жұмамұрат А.

МІНДЕТТЕМЕНІҢ БҰЗЫЛҒАНДЫҒЫ ҰҒЫМЫ

- Азаматтық кодекстің 349-бабына сәйкес:
- 1. Міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі. Тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда борышқор бұл туралы несие берушіге дереу хабарлауға міндетті.
- 2. Міндеттемені бұзғандық үшін борышқорды жауапқа тарту несие берушінің талап етуі бойынша жүргізіледі.

МІНДЕТТЕМЕНІҢ БҰЗЫЛУЫНАН ТУЫНДАҒАН ЗАЛАЛДАРДЫҢ ОРНЫН ТОЛТЫРУ

- Заңда көрсетілген негіздерде міндеттемені бұзған борышқор несие берушіге оның бұзылуынан туындаған залалдың орнын толтырып беруге міндетті;
- Залалдың орнын толтырудан борышқорды босату жөніндегі тараптардың міндеттеме бұзылғанға дейін қабылдаған келісімі жарамсыз болады, алайда тараптар өзара келісім бойынша мүліктегі нақты келтірілген зиянды ғана өндіріп алуды көздеуі мүмкін;
- Егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, залалды анықтаған кезде, міндеттеме орындалуға тиісті жерде, борышқор несие берушінің талабын өз ықтиярымен қанағаттандырған күні, ал егер талап ерікті түрде қанағаттандырылмаса, талап арыз берілген күні қолданылған баға назарға алынады. Мән-жай негізге ала отырып, сот шешім шығарған күні не нақты төлем төленген күні қолданылған бағаны назарға ала келіп, залалдың орнын толтыру туралы талапты қанағаттандыра алады.

АЙЫРБАС ШАРТЫ

- Айырбас шарты бойынша тараптардың әрқайсысы шаруашылық жүргізуді, оралымды басқаруды басқа тараптың меншігіне бір тауарды екіншісіне айырбасқа беруге міндеттенеді.
- Айырбас шартына тиісінше сатып алу-сату шартының ережелері қолданылады, өйткені бұл осы тараудың ережелеріне және айырбас мәніне қайшы келмейді. Бұл орайда тараптардың әрқайсысы тауарды беруге міндеттенетін сатушы деп және айырбастап алуға міндеттенетін сатып алушы деп танылады.

АЙЫРБАС ШАРТЫ БОЙЫНША ӨЗАРА ТАУАР БЕРУ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН ОРЫНДАУ

- Шартқа сәйкес айырбасталатын тауарларды беру мерзімдері тұспа-тұс келмейтін жағдайларда тауар беруге тиісті тараптың тауарды беру міндеттемелерін басқа тарап тауар берген соң орындауына өзара міндеттемелерді орындау туралы ережелер қолданылады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- ҚР Азаматтық кодексі;
- stud.kz сайтының мәліметтері